ZU ZHETYSU UNIVERSITY 1972

# Jetisý ýnıversıteti

№11 (248)
29 қараша
2024 жыл

JETISÝ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ



# ӨҢІРЛІК ҒЫЛЫМДЫ ӨРКЕНДЕТУ ҚАЖЕТ

***І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТҚА БЕТ БҰРДЫ. ЕНДІ ОҚУ ОРНЫНДА ШЕТЕЛ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ. АГРАРЛЫҚ ӨҢІРГЕ ҚАЖЕТ БОЛАШАҚ ЖАС МАМАНДАР ЕНДІ ИТАЛИЯДА БІЛІМІН ШЫҢДАЙ АЛАДЫ. ОСЫ РЕТТЕ БІЗ АТАЛҒАН ОҚУ ОРНЫНЫҢ РЕКТОРЫ ЕРМЕК БӨРІБАЕВПЕН ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.***

**– Ермек Әбілтайұлы, Мемлекет басшысының тапсырмасына сай отандық жоғары оқу орындарында шетел университеттерінің филиалдары ашыла бастады. Бұл үрдіс біздің өңірде қалай жүріп жатыр?**

–Жетісу университетінде Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің қолдауымен Италияның Марке политехникалық университетінің филиалы ашылмақ. Онда қос дипломды бағдарлама бойынша аграрлық сала мамандары даярланады. Студент төртінші курсты Италияда оқиды. Осылайша, білімгерлер Еуропалық профессорлардан дәріс алып, төрт жылда бакалавр дәрежесі бойынша отандық және италиялық дипломға ие болады. Бұдан бөлек, Польшаның Лингвистикалық-техникалық университетімен ынтымақтастық орнады. Магистранттар Польша университетінен филолог дипломын алады. Сондай-ақ Ресей Алтай мемлекеттік университетімен екі бағдарлама бойынша ынтымақтастық орнаттық. Биыл Польшаның Слупск қаласындағы Поморск университетімен магистратураның қос дипломды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шарт жасалды.

**– Шетелдегі жоғары оқу орындарымен келісімге келуге рейтинг әсер ете ме? Олар қандай талап қояды?**

– Әрине, жалпы университеттер отандық және халықаралық рейтингтерге қатысу арқылы өз беделін анықтайды. Жоғары беделге ие болу үшін оның білім көрсеткіші биік деңгейде болуы керек. Биыл біз алғаш рет «Times Higher Education» әлемдік рейтингінде бақ сынадық. Отандық 25 жоғары оқу орнымен бірге «reporter» мәртебесін алдық. Тәуелсіз агенттік жүргізген рейтинг нәтижесінде біздің университет көпсалалы жоғары оқу орындары арасында үздік бестікке кірді. Бұл нәтижелер ынтымақтастықта басым рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – білікті маман тәрбиелеп, елдің өркениетке жетуіне үлес қосу. Қысқасы, жетістікке тоқмейілсімей, әлемдік білім жүйесінің тәжірибесін игеруге күш сала береміз.

**– Көрсеткіш дегеннен шығады, оқу орнының халықаралық білім кеңістігіндегі қарқыны қандай?**

– Жоғары білім сапасын арттырудың басты құралы – инновация десек, университет ғаламдық жетістіктер мен озық үлгіге негізделген жаңалықтарды зерделеп, оқу үрдісіне енгізіп келеді. Оқу үрдісін модернизациялау, оқыту барысында жаңа технологияларды қолдануға мән беріп, алыс және жақын шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасып отырамыз. 70-ке жуық шетелдік жоғары оқу орны және халықаралық ұйымдармен байланыстамыз. Олардың ішінде Польша, Чехия, Швейцария, Швеция, Малайзия, Болгария, Корея, Португалия, АҚШ, Италия, Мажарстан сынды елдер бар. Соның нәтижесінде соңғы жылдары студенттер, магистранттар, докторанттар модульдік білім беру бағдарламасымен білім алып жатыр.

**–Жалпы университеттің ғылыми әлеуеті туралы айтып өтсеңіз?**

– Ғылымның негізі жоғарғы оқу орнында қаланады. Қазір ойы озық ғалымдарға, талантты жастарға сұраныс жоғары. Сондықтан жастарды ғылымға тартып, оларға қолайлы жағдай жасау керек. Соңғы жылдары министрлік тарапынан өңірдегі жоғары оқу орындары жанынан ғылыми зерттеу зертханасы немесе технопарктер құруға көңіл бөлініп отыр. Мәселен, өңірде 13 ғылым докторы, 86 ғылым кандидаты, 32 PhD қызмет атқарады. Жуырда ғана біздің төрт бірдей ғалымымыз 1,1 млрд астам теңгеге ғылыми жоба ұтып алды. Соның ішінде «Генетика және геномика» зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев Орталық Азия мемлекеттерінде өсетін бидайдың генетикалық кодын анықтап, жылдам селекциялау жолдарын зерттеп жатыр. Мұның сыртында Еуропалық комиссия қаржыландыратын «Горизонт» бағдарламасы аясында 2 халықаралық жоба іске асады. Сонымен қатар Жетісу университеті «Бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру» шеңберінде 5 жоба ұтып алды. Бұл – оқу орны тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға.

**– «Enactus Zhetysu» командасы халықаралық «ENACTUS World Cup – 2024» ғылым бәйгесінде ел намысын қорғамақ. Студенттеріңіз әлемді несімен таңғалдырмақ?**

– Жас ғалымдар жаңа жүгері сұрпын шығару мақсатында ізденіп, нәтижесінде жергілікті жағдайға жақсы бейімделген, түрлі-түсті дәндері бар өзгеше тәтті жүгері сортын алды. Сонымен бірге бұл топ мүшелері «Gallus» жобасын да сәтті орындап жатыр. Онда бес түрлі тауық тұқымын (Леггорн, Амераукана, Бойцовые, Аям Цемани, Беспородные) шағылыстыру арқылы «Kazaukana» деп аталатын жаңа құс тұқымын алды. «Kazaukana» жылына 300-330 жұмыртқа береді, жоғары иммунитетке ие, климаттық өзгерістерге тез бейімделеді. Бұл жобалар әлеуметтік бірегейлігімен ерекшеленеді.

**– Бүгінде университет ішінен құрылған колледж де жұмыс істеп тұр. Оның еңбек нарығына қажетті жұмысшы маман даярлауда рөлі қандай?**

– Ел Президентінің еңбек адамының мәртебесін көтеру туралы бастамасы ауылдағы сала мамандарына серпіліс берді. Әсіресе жұмысы ауыр, бірақ қоғам ішінде көп еленбейтін жандарды жігерлендірді. Біз бұл ретте ауылға қажетті мамандарды даярлап жатырмыз. Бізде жатақхана мәселесі толығымен шешілген. Алыстан келген студенттер саны көп. Олар университет колледжінде де білім алып жатыр. Университет колледжі де еңбек нарығына қажетті жұмысшы мамандарын даярлап, кәсіптік білім беру саласына жасалған реформаға өз үлесін қосуға дайын. Қазіргі таңда 10 мамандық 16 біліктілік негізінде техникалық, кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

**– Енді Жетісу университетінің болашақтағы дамуына тоқталсаңыз?**

– Еліміздің тұрақты дамуы үшін алдымен өңірлік ғылымды өркендету қажет. Сондықтан университет жанынан Академиялық артықшылық орталығының ғимараты бой көтермек. Орталықта: «STEM lab» жаратылыстану ғылымдары мен технологияларының ғылыми-оқу зертханасы; «EcoAnalysisLab» молекулярлық биология, метрология және сертификаттауды стандарттау зертханалары болады. Жаңа жоба білікті мамандарды даярлау, өнеркәсіп қызметін цифрландыру, IT-сервистерді құру, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми әлеуетті дамыту сияқты мәселелерді шешеді. Алдағы уақытта бұл зертханаларда АҚШ, Италия, Ресей, Чехия, Словакия және Түркия университеттерінің ғалымдарымен бірлесіп, зерттеу жұмысын жүргіземіз. Сондай-ақ «Жетісу ғылыми – білім беру орталығы» зертханасы салынып жатыр. Бұл бірнеше бағытта ғылыми зерттеулер жүргізетін зертхана болмақ. Қазір еліміздегі бірнеше жоғары оқу орны зерттеу университеті мәртебесіне ие болды. Мұндай мәртебенің университеттегі ғылымды, жалпы отандық ғылымды дамытуға әсері зор. Осы орайда университеттің заманауи академиялық және ғылыми-зерттеу экожүйесін дамытып, «Зерттеу университеті» мәртебесі бар оқу орнына айналдыруды мақсат етіп отырмыз.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Мұхтар КҮМІСБЕК,**

**«Egemen Qazaqstan»**

# «ЖАҢАРУ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Бұл орталықта ғалымдар мен білім алушылар сыбайлас жемқорлықпен күресу саясатын қалыптастыруды ғылыми деңгейде зерттейтін болады.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылындағы бас тірегі - жастар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РКБ төрағасы Мэлс Семғалиев, Мемлекет және қоғам қайраткері Бейбіт Мамраев, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Сот әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департаменті және жергілікті атқару органдарының басшылары, Жетісу облысының прокуроры, облыстық сот төрағасы қатысты.

Жиынды университет ректоры Ермек Беріпбаев жүргізіп, сыбайлас жемқорлықпен күресуде жастардың роліне тоқталды.

«Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РКБ төрағасы Мэлс Семғалиев баяндама жасап, сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғам талабы екенін жеткізді. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы Саян Ахметжанов облыс бойынша сыбайлас жемқорлық фактілеріне тоқталып, онымен күресті күшейту мақсатында Жетісу университетінің студенттерінен «Жас Қыран» жастар ұйымын құру туралы ұсынысын айтты. Бұл ұсынысты белсенді студенттер бірауыздан қолдайтынын білдірді. Облыстық «Jetisy jastary» мекемесінің өкілі Арнай Байжұрынов жастар атынан сөз сөйледі.

«Сыбайлас жемқорлықтың зиянын алдымен жастар сезінеді. Сыбайлас жемқорлықтың кесірінен жастар білім алу, қызметке тұру, мансаптық өрлеу мүмкіндігінен айырылады. Ал біздің басты мақсатымыз адал еңбегімізбен жетістікке жету. Сондықтан жемқорлықпен күресте жастарды көптеп тарту керек»-деді ол. Жетісу университетінің студенттері де сыбайлас жемқорлыққа қатысты өз пікірлерін айтып, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды.

Жиын барысында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» Республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен университет базасында «Жаңару» сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттейтін орталық ашылды. Онда сыбайлас жемқорлық жасауға ықпал ететін себептер ғылыми тұрғыда зерделеніп, жастар құқықтық сауаттылығын арттыратын болады.

# РЕКТОР КАМЕРИНО УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Беріпбаев Камерино университетінің профессоры Тициано Волатилиді қабылдады. Профессор 18 қараша - 6 желтоқсан аралығында Жаратылыстану-техникалық факультетінің Экология және ауыл шаруашылығы ғылымдары кафедрасы «Тіршілік және қоршаған орта қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттеріне «Табиғи және техногендік төтенше жағдайлар» пәні бойынша дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізбек. Кездесу барысында Ермек Әбілтайұлы профессорға академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндігі үшін алғысын білдіріп, әлемдегі ең көне жоғары оқу орындарының бірімен ынтымақтастықты кеңейтуге дайын екенін айтты.

Профессор Тициано Волатили өз кезегінде Қазақстанға келгеніне қуанышты екенін айтып, университет ұжымының қонақжайлық танытқанына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, кездесу аясында бірлескен ғылыми жұмыс, халықаралық бағдарламаларды іске асыру және білім алушылар мен ПОҚ-пен алмасу мәселелері талқыланды. Айта кетейік, 2024 жылғы 25 қазанда екі университет арасында Erasmus+ Key Action 171 бағдарламасын іске асыру туралы шартқа қол қойылды. Аталған бағдарлама шеңберінде Жетісу университетінің білім алушысы Камерино университетінде 2025 жылғы наурыздан шілдеге дейін «Табиғи апаттар, табиғи апаттармен күресу және қатерлерді азайтуды жоспарлау» бағыты бойынша оқуға мүмкіндік алады.

# «TURKTIME: ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ МЕДИА ЖӘНЕ ТУРИЗМ БІРЛІГІ»

**IV Халықаралық Түркітілдес журналистер форумы**

Жетісу университеті журналистика мамандығының 4 курс білімгері Әділханқызы Мақпал Алматы қаласында өткен «TURKTIME: ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ МЕДИА ЖӘНЕ ТУРИЗМ БІРЛІГІ» тақырыбында IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиа форумына қатысты. Іс-шараға Британия, Германия, Түркия, Әзірбайжан, Солтүстік Кипр секілді тағы бірнеше елден туризм және медиа саласының өкілдері, сондай-ақ еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, Парламент депутаттары, журналистика саласының тәжірибелі сарапшылары, республикамыздың атқарушы орган өкілдерінің баспасөз хатшылары, БАҚ өкілдері қатысты. Форумда шетелдік және отандық медиа және туризм саласының мамандары түркі елдерінің бірлігін арттыру, туыс халықтар арасындағы мәдени, туристік және журналистика саласындағы байланысты арттырудың маңызы туралы ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Түркі мемлекеттеріндегі PR және маркетинг құралдарын тиімді пайдалану арқылы туризм секторының дамуына ықпал ету туралы қаузалған маңызды бөлімде медиа және туризм мамандары мемлекеттік және жекеменшік құрылымдардың туристік PR-ды дамытудағы рөлін нақтылау, туристік маркетинг саласындағы мамандарды оқыту және кәсіби білігін арттыру, жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға тоқталды. Сондай-ақ түркі әлемінде туризмді дамытудың бірлескен стратегиясын әзірлеу мен туристік маркетинг саласындағы мамандар арасында байланыс желісін құруға айырықша ден қою туралы ойларымен бөлісті.



Қатысушылар тәжірибелі мамандардан түркі елдеріндегі туризм секторының әлеуеті туралы ақпараттандыруды күшейту мен инфрақұрылымды дамытуға инвестициялар тартудың жолдарынан құлағдар болды. Баяндамашылар қос салада да стандарттау және сапаға мұқият болу туралы айтты.

Форумда сөз алған сарапшылар жиналғандарға әлеуметтік желілер мен инфлюенсер-маркетинг жайында да хабардар етті. Шынайы контент қалыптастыруда блогерлер мен қоғам қайраткерлерімен ынтымақтастық орнатудың қыр-сырларына де кеңінен сөз болды.

Халықаралық медиа форумға келген қонақтар БАҚ өкілдері үшін ерекше маңызға ие екенін жеткізді. Мұндай кездесулер медиа және туризм саласы мамандарының кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, мәдени байланыстарды нығайтуға да ықпал етеді. Ерекше айтып өту керек, бүгінде бір ғана қордың бастамасымен өтіп жатқан шаралар түркітілдес елдер журналистерінің тәжірибе алмасуына, өзекті мәселелерді бірге талқылауға және жаңа медиа трендтермен танысуға септігін тигізіп келеді.

Форум – тек ақпарат алмасу ғана емес, сондай-ақ журналистер арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп, ортақ құндылықтарды насихаттаудың да ортақ алаңы. Бұл - түркітілдес журналистер қоры қазақ тілді журналистиканың дамуына зор үлес қосып, ақпараттық кеңістіктегі өзара байланысты нығайтып жатқанының бір дәлелі.Осы он жыл ішінде ТТЖҚ бірлігі жарасқан журналистер қауымдастығы ретінде түркі әлеміне тән тарихи құндылықтарды дәріптеп, халықтар арасындағы мәдени және ақпараттық көпірдің рөлін атқарып келеді. Қор жүргізген әрбір жоба, бастама ұлттарды бір-біріне жақындатып, өзара түсіністікті, бауырластықты арттыруға мүдделі болып отыр.

**Мақпал ӘДІЛХАНҚЫЗЫ**

# «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ ӨТТІ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 13-14 қараша күндері Талдықорған қаласының жалпы білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған «Ашық есік» күні өтті. Шараға 400-ден астам оқушы қатысты.

Кездесу талапкерлерге жоғары оқу орны жайлы толық мағлұмат беріп, дұрыс таңдау жасауға жәрдемдесу мақсатында ұйымдастырылды.

«Ашық есік» күніне қатысушылар университет жүйесімен, құрылымдық бөлімдер жұмысымен, факультеттердің тынысымен танысты. Ғылыми зертханалар, «Huawei» кабинеті, Жастар орталығы, «Start up», кітапхана мен мұражай, жаттығу залы, бокс залы, әскери кафедра, университет бассейні мен арнайы оқу залдарында болды.

Таныстырылым кезінде университеттің білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар, жастарға арналған мүмкіндіктер жайында мағлұмат берілді. Сондай-ақ, Жетісу университетінің артықшылықтары, басқа жоғары оқу орындарымен байланысы, шетелдерде білім алу мүмкіндігі айтылды.

Жиынға қатысушылар университет оқытушылары және қызметкерлерімен кездесіп, көкейдегі сауалдарын қойды. Сондай-ақ, белсенді студенттермен студенттік өмір жайлы еркін форматта әңгіме құрды.

«Ашық есік» күніне қатысу арқылы оқушылар университетпен жақын танысып, жаңа көзқарас қалыптастырды. Бұл жастарға Жетісу университетінің студенті атанып, үздіктер қатарына қосылуға мүмкіндік береді.



# О деятельности офиса Регистратора

Офис Регистратора является структурным подразделением Жетысуского университета им. И. Жансугурова, миссия которого состоит в качественной регистрации учебных достижений обучающихся по программам бакалавриата, магистратуры и докторантуры, контроль знаний и хранение академических записей.

Офис оснащен современной информационной системой, обеспечивающей целостность и безопасность ведения академических записей, управление информацией о накопленных оценках и кредитах, мониторинг результатов рубежного контроля, промежуточной и итоговой аттестации, банком тестовых заданий по всем видам контроля знаний и др. Информационная безопасность программы предотвращает несанкционированное вмешательство в процесс аттестации обучающихся, искажение информации, обеспечивает максимальную прозрачность в работе. Предоставлен удаленный доступ всех категорий обучающихся к электронному журналу, в котором отражаются еженедельные оценки, суммарный рейтинг по двум рубежным контролям, итоговая оценка. Критерии и методы оценивания каждого вида работы на занятиях разработаны в силлабусах преподавателях и имеются в свободном информационном доступе студентов.

Информационная платформа SmartZhetysu реализует онлайн регистрацию и перерегистрацию на дисциплины учебного года, по итогам процессов регистрации ППС и обеспечивает возможность просмотра в режиме онлайн индивидуального учебного плана на текущий и следующий учебные годы. Это обеспечивает обучающимся выборность дисциплин, самостоятельное планирование, мотивацию и повышение уровня самообразованности. По вопросам регистрации и перерегистрации на дисциплины сотрудниками офиса Регистратора оказывается полная консультативная помощь обучающимся в получении качественного образования по выбранной специальности. Каждый студент в удобное время может получить своевременную и профессиональную поддержку на любой вопрос, касающийся его учебы.

Также Офис Регистратора выполняет следующие функции:

- Составление расписания промежуточной аттестации.
- Контроль за заполнением базы тестовых заданий и вопросов для промежуточной аттестации обучающихся.
- Организация и проведение итоговой и промежуточной аттестации.
- Мониторинг учебных достижений, анализ итогов рубежного контроля знаний и промежуточной аттестации обучающихся. Начисление стипендий по результатам промежуточных аттестаций обучающимся на основе государственных образовательных грантов и грантов местных исполнительных органов (по программам бакалавриата, магистратуры, докторантуры).
- Перевод обучающихся по программам бакалавриата, магистратуры, докторантуры с курса на курс.
- Регулярное обновление базы данных «Офис Регистратор». Заполнение базы данных ИС «Единая платформа высшего образования» МНВО Республики Казахстан. Также данных по освоению академических кредитов обучающихся в АО «Финансовый центр».
- Формирование отчетности по результатам промежуточной аттестации и другим вопросам по запросам МНВО РК, руководства и структурных подразделений университета.
- Обеспечение обучающихся транскриптами.
- Формирование сличительных ведомостей при переводах и восстановлениях обучающихся по всем уровням и формам образования (совместно с ППС кафедр).
- Ведение академических записей об учебных достижениях обучающихся. Внедрение программного обеспечения в процессы офиса Регистратора.

Виктория ШАРОВА
регистратор офиса Регистратора

# КАК УСТРОИТЬСЯ НА РАБОТУ ПОСЛЕ УНИВЕРСИТЕТА:
## ПОШАГОВЫЙ ГИД ДЛЯ ВЫПУСКНИКОВ

Поиск первой работы после университета — это вызов, который пугает и вдохновляет одновременно. Кажется, что весь мир лежит у ваших ног, но как только выпускники начинают искать вакансии, выясняется, что путь к мечте не всегда прямой и лёгкий. Эта статья не только расскажет, как правильно подготовиться к трудоустройству, но и даст ценные советы, которые помогут выделиться среди конкурентов, найти свою первую работу и начать карьеру с сильного старта.

**Можно ли устроиться на работу сразу после университета?**

Довольно часто трудоустройство требует от выпускников не только хороших знаний, но и гибкости, умения адаптироваться, проявить себя и показать, что именно вы — подходящий кандидат. Для тех, кто уже в процессе обучения начал работать по специальности, процесс трудоустройства может оказаться проще. Они получают возможность начать с полставки, внештатной работы или стажировки, а затем перейти на полную занятость. Если же практического опыта нет, то выпускнику предстоит пройти несколько собеседований и возможно столкнуться с отказами, прежде чем найти подходящую должность.

Первое место работы задаёт тон всей вашей карьере, поэтому важно не только найти работу, но и выбрать подходящую позицию. Вот основные моменты, которые следует учесть при первом трудоустройстве:

**1.Подготовка к собеседованию.** Успешное собеседование — это сочетание знания о компании, профессиональных навыков и уверенности в себе. Тщательно изучите информацию о компании, её сотрудниках и руководителей. Подготовьте список вопросов, которые бы вы хотели задать на собеседовании, и продумайте, как рассказать о своих навыках.

**2.Внимание к деталям в трудовом договоре.** Читайте каждую строку и обращайте внимание на такие детали, как размер зарплаты, условия отпуска и рабочий график. Никогда не подписывайте договоры, которые кажутся вам сомнительными или нечёткими. Спросите, если что-то вызывает вопросы.

**3.Влияние коллектива на ваш успех.** Умение работать в команде часто определяет, насколько комфортно и продуктивно вы будете себя чувствовать на новом месте. Постарайтесь как можно быстрее влиться в коллектив — это ускорит адаптацию и повысит ваши шансы на профессиональный рост.

**4.Защита прав.** Иногда на первом рабочем месте могут нарушаться права молодых специалистов. Знайте трудовое законодательство, особенно статьи, касающиеся оплаты и условий труда, и будьте готовы защищать себя, если это понадобится.

**Как устроиться на работу по специальности?**

На практике, чтобы устроиться на работу по специальности, стоит начать планировать ещё во время учёбы. Вот несколько советов, как можно увеличить шансы найти работу по профессии:

**1.Связь с университетом.** Многие вузы имеют отделы, которые помогают выпускникам в трудоустройстве. Присоединяйтесь к университетским сообществам, участвуйте ярмарках вакансий, поддерживайте контакт с преподавателями и однокурсниками.

**2.Стажировки и практика.** Во время учёбы, особенно на старших курсах, стажировки становятся важным фактором, который увеличивает ваши шансы на успешное трудоустройство. Многие компании предлагают работу тем студентам, которые проходили у них стажировку.

**3.Нетворкинг.** Связи, которые вы наладили в университете или через друзей, могут сыграть важную роль в вашем трудоустройстве. Знакомства с профессионалами отрасли через конференции, стажировки и даже социальные сети помогут вам быть на шаг впереди.

**4.Важность «мягких» навыков (soft skills) в карьере**

Одной из ключевых тенденций современного рынка труда стало увеличение роли мягких навыков. Даже если вы технически подготовлены и владеете актуальными профессиональными компетенциями, успешное трудоустройство и карьерный рост во многом зависят от того, как вы умеете работать в команде, решать конфликты, адаптироваться к новым условиям, проявлять инициативу и брать на себя ответственность. Мягкие навыки помогают вам лучше вписаться в коллектив, проще общаться с коллегами и руководителями и быстрее адаптироваться к новым задачам. Поэтому работодатели всё чаще обращают внимание на такие качества, как:



- Коммуникабельность;
- Умение слушать и анализировать;
- Способность к быстрому обучению;
- Креативность и способность предлагать новые идеи;
- Стрессоустойчивость и эмоциональный интеллект;



**Как подготовиться к собеседованию?**

Собеседование — ваш первый реальный шанс произвести впечатление на будущего работодателя. Чтобы использовать его максимально эффективно, вот что стоит учесть:

**1.Соберите документы.** Диплом, сертификаты, резюме, портфолио — подготовьте и упакуйте всё это заранее, чтобы не искать в последний момент.

**2.Изучите компанию.** Посмотрите на сайт компании, прочтите новости о ней и постарайтесь понять её культуру и ценности. Знание даже таких мелочей, как последние достижения компании, может выгодно выделить вас на фоне других кандидатов.

**3.Подумайте над образами для ответов.** Будьте готовы рассказать о ваших профессиональных и личных качествах, которые соответствуют требованиям должности. Подготовьтесь к стандартным вопросам и составьте для себя план на случай стресс-интервью.

**4.Пунктуальность и внешний вид.** Важно произвести первое впечатление с первых секунд, так что рассчитывайте время, чтобы не опоздать, и выберите профессиональный наряд.

**Влияет ли диплом на трудоустройство?**

Диплом — это подтверждение того, что вы прошли базовую подготовку, но насколько он важен? Всё зависит от конкретной профессии и компании. На многих должностях важны ваши практические навыки, чем академические достижения. Однако, диплом может быть решающим фактором, особенно для начальных позиций, где отбор идёт среди множества кандидатов. Выше среднего успеваемость, рекомендации и участие в профильных проектах могут добавить вам очков.

**Какой карьерный путь выбрать?**

Карьерный путь сегодня может быть гибким, и для выпускников это открывает возможности выбирать между традиционной работой и фрилансом, работой в крупных компаниях или стартапах. Вот некоторые направления:

**1.Работа по специальности.** Это более традиционный вариант, требующий долгосрочного развития и накопления опыта.

**2.Фриланс или работа на себя.** Если у вас есть навыки, которые позволяют работать дистанционно, то фриланс может стать первым шагом. Это подходит для творческих профессий, программистов, переводчиков и дизайнеров.

**3.Проекты и стартапы.** Работа в небольших компаниях или стартапах даст разнообразный опыт, который будет ценным на всех этапах карьеры.

**Заключение**

Поиск работы после университета — это этап, который требует терпения, настойчивости и стратегии. Чем раньше вы начнёте готовиться к трудоустройству, тем проще будет найти своё место на профессиональном рынке. Путь к успешной карьере может быть сложным, но с правильным подходом вы сможете получить не только первую работу, но и основу для будущего профессионального роста.

**Центр карьеры и трудоустройства Жетысуского университета имени И. Жансугурова играет ключевую роль в поддержке студентов и выпускников в их карьерном росте. Он помогает устанавливать связи с работодателями, организуя ярмарки вакансий, что значительно облегчает поиск работы.**

**Главная цель центра — помочь студентам и выпускникам успешно войти в профессиональную жизнь, предоставляя актуальную информацию о стажировках, вакансиях и карьерных возможностях. Это важный ресурс, который обеспечивает эффективное взаимодействие между университетом и рынком труда, содействуя успешному карьерному старту для молодых специалистов.**

**За датами проведения ярмарок вакансий и всеми новостями вуза вы можете следить в социальных сетях университа:**

1. **Сайт университета – www.zhetysu.edu.kz**
2. **Instagram - zhetysu.university**
3. **Facebook – Жетісу университеті**

*Хава ХАНЧУКАЕВА*



# БАСҚАРУДАҒЫ БИЗНЕС-БІЛІМ

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын білім беру, ең алдымен, қоғамның мүддесіне сай, сұранысқа қарай қызмет етуге бағытталған. Бүгінгі күні кез-келген елдің қуаты мен бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен қоғам иелігіндегі шектеулі ресурстарды басқарудағы бизнес-білім беру жүйесімен тікелей байланысты.

Алғашқы бизнес мектептер мен бизнесті басқарудың бағдарламалары XIX ғасырдың 80-ші жылдарының басында пайда болғаны мәлім. Кейіннен бұл елдерде басқарушы кадрларды даярлау дербес бизнес-білім беру саласы ретінде қалыптасты. Мысалы, Солтүстік Америкамен қатар Еуропада (Франция, Германия, Ұлыбритания) және Канадада іскерлік білім белсенді дамыды. Шығыс пен Азияға елдерінде бизнес-білім беру кейінірек пайда болды, өйткені олардың экономикасы әлемдік интеграциялық үрдістерге кеш тартылған. Жалпы батыс елдерінде бизнес үшін басқарушы кадрларды даярлаудың мол тәжірибесі бар. Шығыс Азия елдерімен (Жапония, Қытай, Корея, Сингапур, Гонконг) салыстырғанда Шығыс Еуропа және ТМД елдерінде бизнес-білім беру саласы жеткілікті зерттелмеген.

Еліміздің жаңа Қазақстан құруға бет алуы, отандық білім беру жүйесінде бизнес- білім берудің жаңа форматтағы нысандары мен әдістерін қарқынды енгізуге жол ашты. Осы мақсатта І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті бизнес-білім берудің бағыттарын айқындап, жүзеге асыра бастады.

- салаға негізделген бизнес - білім беру саясаты;
- бизнес-білім беру қызметтеріне тұтынушылардың қанағаттануы;
- бизнес-білім алудың қолжетімділігі мен ашықтығы;
- басқарудағы бизнес-білім мүмкіндіктерін кеңейту;
- бизнес-білім беру жүйесіндегі ЖОО ұстанымы;
- бизнес-білім жүйесін ақпараттандыру үрдісінің тереңдеуі;
- бизнес-білімде ғылыми зерттеулер жүргізу;
- бизнес-білімдегі халықаралық ықпалдасу;
- бизнес-білімдегі тиімді кадр саясаты;
- бизнес-білімдегі әлеуметтік саясат және т.б.

Аталған бағыттар аймақтағы жоғары оқу орындарында жоғары білім беру жүйесімен бірге басқарудағы бизнес-білім беруді қатар дамытуға және әлемдік үрдістер мен стандарттарға бет бұруға жол ашты.

Бүгінгі күні жоғары кәсіби білімі бар мамандар ЖОО дипломымен шектелмей, қызмет бабында өзін дамытып, қызмет көрсетудің жаңа әдістерін игеріп, елде және әлемде болып жатқан оқиғалардан шет қалмауы қажет. Сонымен қатар, ұйым басшысынан қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлеріне жауап беретін тұжырымдамаларды талдау арқылы ықтимал даму сценарийлерін модельдеу және бизнесті тиімді басқару бойынша жаңа идеяларды қалыптастыру қабілеті талап етіледі.

Экономикасы дамыған елдерде кәсіби басқару үшін кадрларын даярлауға арналған бизнес-білім беру саласы іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) және іскерлік әкімшілендіру докторантурасымен (DBA) бірге кәсіби даму және басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламаларынан тұрады.



Кең мағынада бизнес - білім беру нарықтық бәсеке жағдайында жұмыс істейтін компанияларды тиімді басқару үшін қажетті басқару құзыреттерін (іс жүзінде маңызды білім мен кәсіби дағдыларды) қалыптастыруға және дамытуға бағытталған қызметі түрі. Басқарудағы бизнес-білім берудің маңызды ерекшелігі, оның практикаға бағытталуы болғандықтан, бизнес мектептерінің түлектері әдетте, басқарушылық позицияларды иеленіп, халық шаруашылығының нақты секторларында табысты жұмыс істейді.

Әлемдік тәжірибеде басқарушылық (бизнес) білімге деген сұраныс экономикалық өсу қарқынына байланысты екенін көрсетеді. Бизнестің даму қарқыны неғұрлым жоғары болса, соғұрлым компанияға басқарушы кадрлар қажет болады. Сондықтан олардың тәжірибесінде әлеуметтік-экономикалық ахуалдың өзгерісін талдау арқылы басқарушылық бизнес- білім берудің әдістері мен нысандары және мазмұны өзгеріп отырады. Еңбек нарығында болып жатқан сұранысқа жауап ретінде бизнес мектептер өздерінің оқу жоспарларын қайта қарап, заманауи трендттерге сай, жаңа оқу курстарын немесе тақырыптарын енгізеді, пәндерді өзара біріктіреді, оқу үрдісін икемді етіп, еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыруға бағыттайды.

Қазіргі уақытта елімізде басқарудағы бизнес-білім беру жүйесі салыстырмалы түрде қалыптасқан. Бұл жүйенің дамуы кадрларды оқыту мен кәсіби дамытуға деген сұраныстың артуына байланысты. Жергілікті компаниялар үшін басқару кадрларын дайындайтын іскерлік әкімшілендіру магистратурасы (Executive MBA) және іскер әкімшілендіру докторантура (DBA) бағдарламасы бойынша білім алуға сұраныс артып отыр. Мысалы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Құқық және экономика факультетіндегі «Менеджмент және мемлекеттік басқару» кафедрасы негізінде қоғамдық өндірістің жеке салалары үшін оның ішінде «Стратегиялық менеджмент» және «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент» Executive MBA басқарудағы бизнес-білім берудің практикалық бағдарламасы 2021 жылы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесінің ұсынысымен және сала министрлігінің қолдауымен бекітілген болатын. Аталған Executive MBA бағдарламасы денсаулық сақтау саласындағы ұйым басшылары мен жетекші кадрлар тарапынан сұранысқа ие болып, 2021-2022 оқу жылында 9 жоғары білікті дәрігер (Астана, Алматы және Талдықорған қалалары) Executive MBA - іскерлік әкімшілендіру магистрі дипломына ие болса, 2022-2023 оқу жылында осы бағытта білім алуға денсаулық сақтау мекемелерінің 13 маманы ниет білдірді. Ал, 2023-2024 оқу жылы «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент», «Стратегиялық менеджмент», «Білім беру саласындағы менеджмент» және «Құқықтық практикадағы менеджмент» бағдарламасы бойынша 42 кәсіби маман іскерлік әкімшілендіру магистрі (Executive MBA) дәрежесіне ие болды. 2024-2025 оқу жылы Executive MBA бойынша 68 адам ұйым басшылары мен жетекші мамандар және іскер әкімшілендіру докторантура (DBA) бойынша 4 білікті маман білім алуға қабылданды. Олар денсаулық сақтау, педагогика және құқықтық практика саласындағы заманауи менеджменттің қағидаларымен танысты. Сала қызметтерін ұйымдастыру мен жоспарлау және мотивация мен бақылау бойынша әлемдік қолданыста жүрген түрлі тетіктерді біліп, оның озық инструменттерін қолдану тәжірибесін үйренді. Одан басқа ҚР нақты жағдайында кездесетін түрлі микро-макро ситуациялар бойынша шешім қабылдаудың заманауи тәсілдерін, оның құқықтық негіздері бойынша білім бағыттарын игерді.

Басқарудағы бизнес- білім беруде сапа мүдделерін ескеру қажеттілігі туындайды. Мысалы, мемлекеттің мүдделері, жұмыс берушілердің мүдделері, өтініш білдірушілердің және оқу орындарының мүдделерін ескеру керек. Мемлекеттің мүдделері бірінші кезекте, одан кейін жұмыс берушінің мүдделері, әрі қарай өтініш берушілердің мүдделерін және соңғы кезекте оқу орындарының мүдделерін ескеру керек. Бұл мүдделер бір-бірімен тығыз үйлесімді болса, қоғам үшін нәтижелі болмақ.

Жалпы елімізде аталған мүдделердің бағыттары бойынша ірі ұйымдарда жұмыс берушілер өздерінің HR (персоналды басқару) штатын кеңейтуде. Олар тек жұмыс іздеушілерді іріктеп қана қоймай, сонымен қатар жұмысқа қабылданған қызметкерлерді нақты талап етілетін білімге сәйкес қайта даярлайды. Бірақ, мұндай тәжірибені тек ірі компаниялар жүргізе алады, ал кіші компаниялар жүзеге асыруға қауқарсыз. Осы жағдайларды жергілікті ЖОО аймақтағы сұранысқа сай, басқарудағы сапалы бизнес-білім беру арқылы түрлі буындағы менеджерлер топтарын қалыптастыруға, сол арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық өмір сүру ортасын жаңа деңгейге көтеруге үлес қоса алады.



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі Executive MBA магистранттарына және DBA докторанттарына білім беру көптілді форматта (қазақ, орыс және ағылшын тілінде) жүргізіледі. Білім алушылар өз қалаулары бойынша қалаған тілде білім алуына мүмкіндік бар. Сонымен бірге басқарудағы бизнес-білім саласындағы Executive MBA магистранттарының білім беру бағдарламасы бойынша іс-тәжірибеден өтуі үшін бірнеше шет елдермен, оның ішінде Мәскеу қаласындағы мемлекеттік басқару университеті, Б.Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян және Польша еліндегі Катович университеті, Ташкент мемлекеттік экономикалық университетімен келісім-шарт жасалған.

Жетісу университетінің заманауи сұранысты анықтап, соған сай басқарудағы бизнес – білім беруді жетілдіруі іскер және ғылыми кадрлардың қалыптасуына, олардың бәсекеге қабілеттілігіне пәрменді ықпал етпек.

***Балқия ШОМШЕКОВА,***
***э.ғ.к., қауымдастырылған профессор***

Отаң
Сен жайлы не дей алам.
Әуеден төмен түскен медиана.
Сен барда бай боздауық, жомарт жұтаң,
Көңілшек келеді екен кедей адам.
Отан
О, баста Құдайға анық,
Бозторғай босағамды шыр айналып.
Бозінген ботасына ертек айтып,
Бақасы батпағың да жүр лайланып.
Отан
Сендегі тас тұғырлы
Сен бар да іс қайырлы, ас сіңімді.
Жалаңаяқ бұйраттар жатыр жастап,
Жаңғырығы жер жарған жастығымды.
Отан
Осы маң. Осы көше.
Көзтартар көкте күні есінесе.
Әжептәуір марқайып қалам, сені
Әңгімеге қосқанда өсіресе.
Отан
Сезімнің тоқетері:
Саған деген сезімнің жоқ етемі.
Сен барда сезіледі қызға ары,
еркекке ержүректік тән екені.

Болатынын білгендей жолым анық.

Өтінемін!?
Сұрай қалса мені жұрт сөкпе бекер,
Көңілімнің демімен көкке кетер.
Сенен жырақ кеткелі бір сағыныш,
Ауыртып жүр жанымды дерттен бетер.
Оны қайдан түсінсін ел бетені,
Сыбайды кеп...
Сыртымнан сөз етеді.
Тілі өткір пендеңе түкіртіп қой,
Мына жаман ұлыңа көзі өтеді.

Содан мен асқақ ойға тұмшаланып.
Жеткізбен жел өтіне, қуса да бұлт.
Қасына ертіп бірге жүрер дейсің,
Қашанға дейін мені бұл балалық!

Білемін арманына ерсе дедің,
Өкінбен өзің барда келсе де өлім.
Өтірігі ашылып қалса дағы,
Сен сенесің ұлыңа...

Мен сенемін.
Оң құлағы шыңылдайды Отанның,
Алақанын уқалайды дүние.



### ШАЛҚЫМА

*Тұғырымды тек заңғардан қашадым,*
*Тұнығымды шыңараудан тарттым да.*
*Болмысымды шұғыладан жасадым,*
*Сан жұлдызды қос иыққа арттым да.*

*Сосын...*
*баба ерлігімен шөл бастым,*
*Батырлардың рухын кидім – аймауыт.*
*Тармақ болып дастандарға жалғастым,*
*Бунақ болып бозаң шақта ойланып.*

*Серке етін тіске басқан шақ ұдай,*
*Аламанды түсіреді тек еске.*
*Дара күлсем дарқандық қой,*
*а, Құдай?!*
*Күлтөбеде күліп кірдім кеңеске.*

*Мақпал дала шүйгініне құладым,*
*Кеңес түбі – келешектің қамы деп.*
*Азат таңда жалғыз мәрте жыладым,*
*Менің қаным боздақтардың қаны деп.*

*Тұғырымды тек заңғардан қашасам,*
*Азаттықтың шапағаты емей не?*
*Болмысымды шұғыладан жасасам,*
*Рухтың күйі құйылады, ә,*
*көмейге?.*

**Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ**

# ОҢ ҚҰЛАҒЫҢ ШЫҢЫЛДАСА ТУҒАН ЖЕР, МЕН ЖЫР ОҚЫП ТҰР ДЕП БІЛ!

Отан
Осы сөз ең дұрысы,
Сен бар да қоңды тұяқ, өңді кісі.
Бабалардың қанында бұрынғысы,
Баласының қолында ендігісі.

**

Саған біреу кінә тақса, жап маған,
Мен көтерем!
Сен үшін де сақтанам.
Отан десе ойыншығын балақай,
Отан деймін өлеңімді жаттаған.

Дана сәби тапқыр екен қарманса,
Тағы еркі армандаса, арланса.
Қуыршақ деп неге айтады құлыншақ,
Қолыңдағы ең қымбатты сол болса.

Саған біреу тіл тигізсе түксиме,
Жақынында жазғырады жұрт кейде.
Отан десе қауырсынын көгершің,
Отан деймін тауды...
Аздық етпей ме?

Қанатынан басқа құстың несі бар,
Онысыңда қиды саған...
қасыңа ал.
Ал, мен құрбан ете алам жалғыз-ақ,
Өмірімді аяғы жоқ, басы бар.

О,Бақанас!
Сенің құндақ құмыңды қолыма алып,
Кетіп едім.

О, Жер Ана - әулие!

Жасырайын несін мен,
Қуаныштан тана жаздап есімнен.
Алғаш сені көргенде:
Бір ізгілік ұя салып кеудеме!

Бүршік атып арманымның әр талы,
Әрбір үміт жақсылыққа тартады.
Уақыт меңкіп шапқанымен құз-құмың,
Іңкәрлігім босатпайды тізгінін.

Бір сағыныш кісінесе кермеде.
Алға мені жетелейді әлдене.
Жетелейді қиялымның қатпары,
Жетелейді ғасырлардың хаттары.

Сөредегі ойшылдардың сөздері,
Сүйген жанның мөлдіреген көздері.
Деймін іштей түсім шығар жорыған,
Екі аттасам еркіндікке жолығам.
Бәрі-бәрі айтады Отан сен жайлы,
Содан менің жанымды жыр торлай-
ды.

Міне, тағы маусым бетін сүймек гүл,
Неткен ғажап!
Неткен сұлу сурет бұл.
Оң құлағың шыңылдаса Туған жер,
Мен жыр оқып тұр деп біл!

*Мұхтар КҮМІСБЕК*



Жанымның толқынындай тербетілген,
Сен менің тәтті үмітім,
шербетім бе өң?
Жалығып жүрген кезде жер бетінен
Айдың нұры алаулап келбетіңнен;
келген ең...
Көз қарыққан,
жан ысынған,
ақылымнан таңғанмың, шабысымнан.
Құмай көктен құлдилап жеткен сәулем,
Патшадай пұшайманмын тағы сынған.
Елемей дос қадірің,
жат шабұлын,
Күйреген көкірөмде патшалығым.
Қаңсыған қорғандардың тасын құшып
Отырған ауышы едім ақ-сарының.
Сен келдің,
Дүр оянды самсап үміт,
Ақыл да қайта оралды сарсаң ұрып.
Қалыпты аңсауды да Ар сағынып,
Жасандым пейіштегі Жанша күліп.

«Үміт соңғы сөнеді» – дау бар ма оған?
Апарыңдар тәнімді тауларға аман.
Шыңдар менің – шабытым, ойлар – ойым,
Қау қарағай қамқоршым сауға арнаған.

Бетегелер бел бермей тұрса күліп,
Көкіректен кететін жыр сабылып.
Қызыл балтыр қыз жусан жұпар атса,
Науша таңға несі бар нұр шағынып?

Тіпшелеген тірліктің мұсатырың,
Уа, науша таң, не дейсің мүсәпірім?!
Қауғасын ап қағырды өрістеткен,
Қара жұттың қарашы-ей күш, ақылын.

Күнге күйді манатым, мақпал далам,
Мақпал далам нең қалды тапталмаған?!
Қуаңшылық қандыкөз жау секілді,
Мылтығым бар қолымда оқталмаған.

«Үміт соңғы сөнеді» – дау бар ма оған?
Ұшпа бұлттар жетіңдер тауларға аман.
Жауын боп құй, қағырға жасын боп ти,
Тақырыма гүл бітсін «жау» қармаған...

...Несін айтам, нөсер боп жауа алмадым,
Манатымды қарашы-ей жау алғанын.
Жасанайық қара жер, бұл ғасырда.
Дымдай алар біз ғана жанарларын.

***

Қайран хафиз-жүрегім жыр селдеткен,
Несібеңді тата ғой сыр шөлмектен.
Ар шыңғыртқан ақпанның құшағынан,
Лайсаңдатып қашады кіршең көктем.

Ақпан-тағдыр аяусыз бүрсеңдеткен,
Күн көзіне қараймын күлсем деп мен.
Жан шыңғырған жолайрық бұл мезгілде,
Шайқалардай шараға бір сең жеткен.

Уа, не дейсің манатсыз кіршең көктем?
Жалқы нұрға жаныңды күн шөлдеткен.
Жылуы жоқ ақпан һәм тоқпан қоғам,
Құлдық ұр деп қинаған құлша еңбектеп...

Қайран хафиз-жүрегім жыр селдеткен,
Бал мен уды көп татқан бір шөлмектен.
Дүние сырын келемін білсем деп кең,
Қу арман ба басымды құр сенделткен?



### «Я күйдіріп, я өшер...»

*Әмір етіп, тау-тасына Тұранның,*
*Жанын алғам жорғалаған жыланның.*
*Алпамсадай алыптарды арқалап,*
*Көк тағысын бас идірткен қыранмын...*

*Өртеп өзек, күн қашырды күлкімді,*
*Торуылдап түн ұрлайды ұйқымды.*
*Жалғыз үміт сығырайып тұр жылап,*
*Қара, жаным, қарғыс атқан сиқымды!*

*Жесір жалған етіп жатыр қас-қағым,*
*Жетімсіреп жүрген нашар, рас, қалым...*
*Я күйдіріп, шарпып өтер азғынды,*
*Қорқам кейде, я өшер деп жас жалын.*

*Төңірекке жиылса да, «қас» қалың,*
*Төрді бермеу, қарғам сенің, бас қамың!*
*Сынақ келсе сұм запал боп, сабыр ет,*
*Кейде, қалқам, сұр заман да басқа – мұң.*

*Серт пен намыс, қайтпас рухтың белгісің,*
*Қанмен жазған тас қамалға ер кісің.*
*Қапастарда, сәулем, маған жол сілте,*
*Жалғыз мақсат болашаққа: «жер – ісің»!*

*Тек Алашты хақ деп ұқсаң, шырағым,*
*Бек Абылайды хан деп ұқсаң – ұраның.*
*Қорлығынан «пара» менен «жапаның»*
*Ада болшы! Адам болшы, ұланым!*

*Дос-дұшпанның айырмасаң керегін,*
*Саған сенім арта қоймас әр өлің.*
*Сатқын шықпас қайсар қазақ ұлынан,*
*Мағжан құсап мен жастарға сенемін!*

***Алтынай МАҚЫМ***

# Құмар ойын құрдымға құлатады



Қоғам жұлынының жегікұрты – құмар ойынға тәуелділік. Адамды кісілік биігінен кісәпірлік тұйығына әкеліп тірейтін рухани дерт тұтас мемлекеттің де іргесін ірітетін қауқарға ие. Сол себепті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев лудоманияны «бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер» деп бағалап, бұл мәселені жұрт болып жұмылып шешуге шақырған болатын. Осы орайда қоғамның негізгі қозғаушы күші –жастардың арасында құмар ойынға қарсы күрестің қалай жүзеге асып жатқанын білу үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериевпен арнайы сұхбаттастық.

**– Ең әуелі құмар ойынның құрығына түскен жандардың қандай белгілері бірінші байқалады?**

– Құмар ойынға салынған адам еш нәрсеге қызығушылық танытпайды. Сезімге селқос, тірлікке самарқау қарайды. Артынша күйзеліске түсіп, қоғамнан оқшауланады, өзгелермен байланыс орнату, яғни тұлға ретінде даму секілді адами қасиеттерін жоғалтады. Ағайын-туысымен, достарымен қарым-қатынасы бұзылады. Жұмыстан айырылады, қызметте мансаптық көтерілуі мүмкін болмайды, күрделі қаржылық мәселелерге тап болады. Мұндай мінез-құлық лудоманияның ең басты белгісі. Ал ойынның нақ қызған шағына келген кезде, ол барлығын ұмытады,тіпті өзін де. Егер жеңіліс тапса, келесі ретте міндетті түрде жеңемін деген үміт санасын арбайды. Ең ауыры, бұл дерт азаматтық жауапкершіліктен мақұрым қылады. Отбасының сенімін аяққа таптады.

**– Лудоманның тәні мен жан саулығы қай деңгейде болады?**

– Лудомания шалдыққандар күндіз күлкіден, түнде ұйқыдын айырылып, күйзеліске түседі. Тамақтану уақыты бұзылады, күн мен түннің орыны ауысады. Олар өз-өзіне қарауды тоқтатады, дұрыс тамақтанбайды, аз ұйықтайды, дене белсенділігінен бас тартады, спортпен шұғылданбайды. Сонымен қатар үнемі стресcте жүреді. Әлеуметтік психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, лудоманияда өзіне-өзі қол жұмсау қаупі жоғары. Мамандардан көмек сұрап келген адамдардың үштен бірі өзін-өзі өлтіруге тырысқанын немесе сондай ойда болғанын мойындаған.

**– Ондай жағдайда адам қалай емделу керек?**

– Адам лудоманиядан зардап шеккенін мойындамайынша оны жеңе алмайды. Әуелі өзі ниет білдірмей ол адамды емдеу мүмкін емес. Ал құмар ойыннан бас тарту үдерісі әрқашан ауыр. Бұл жолдан өту үшін адамда нақты мақсат болу керек. Өмір ең маңызды құндылықтары - отбасын сақтап қалу, өтірік айтпау, достықты құрметтеу, абыройды сақтау жолында әрекет ету керек.

Өзіңізге сенімсіз болсаңыз ақша ұстамаңыз, сенімді адамға беріп қойыңыз. Несиелік картаны жабыңыз, бұғаттаңыз, онлайн ставкалардың шоттарын жабыңыз, егер офлайн ойнасаңыз, қолма-қол ақшаны сақтамауға тырысыңыз. Осылайша ойындарға қол жетімділікті қиындатыңыз. Әйтпесе құмар ойын құрдымға құлатуы бек мүмкін. Мүмкіндігінше адреналин сыйлайтын спорт түрлері – тау шаңғысы, тау велосипеді және тағы да басқа спорт секцияларына қатысыңыз. Егер ойын ойнау шаршағаныңызды басатын болса, оны да басқа хобби арқылы алмастыруға болады. Сіз балалық шағыңызда, жасөспірім кезіңізде не қызықтырғанын еске алыңыз, оны қайталап көріңіз, сізге ұнайтын нәрселер табылады. Тіпті болмаса, үйді күн сайын жинаңыз, егер жер үйде тұрсаңыз аула тазалап, бау-бақшаға күтім жасау, арам шөптерін жұлу, суғару, түптеу де сайып келгенде – дене шынықтыру. Сөйтіп ойынды кейінге қалдырыңыз, осылайша санаңызды торлған ойын бірте-бірте маңыздылығын жоғалта береді.

**– Егер жақындарымыз құмар ойынның құрбанына айналып бара жатқанын сезсек, оған қалай әсер ете аламыз?**

– Лудоманиядан зардап шегетін жақындарыңызбен қарым-қатынас жасай отырып, оны айыптамауға тырысу керек. Кейде лудомания құрбаны өз іс- әрекеттеріне толық жауап бере алмайды. Сондақтан құмар ойынға тәуелділікке қарсы тұру өте қиын болады. Бұл ретте тәуелділікті жасырудың қажеттілігі жоқ. Ойындарға ақша беріп, қарыздардын жапсаңыз, керісінше жағдайды қиындатасыз. Оның орнына оны кәсіби көмекке жүгінуге көндіріңіз. Құмар ойынға тәуелділіктен арылу ұзақ уақытты қажет етеді, сондықтан тез нәтиже күтудің қажеті жоқ.

**– Сіздің ұжымда лудоманияның алдын-алу шаралары қалай жүзеге асып жатыр?**

– Елімізде лудоманиямен күрес жүргізуге сәйкес бірқатар жаңа шаралар қабылданып жатқаны белгілі. Тиісті заңнамаға түзетулер енгізілді. Соның аясында құмар ойынға қарсы күреске бағытталған тиісті нормалар әзірленді. Қазір оң нәтижелер де жоқ емес. Қоғамдық орындарда букмекерлік кеңселерді, тотализаторлар мен онлайн казиноларды жарнамалауға тыйым салынды. Біздің І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне келетін болсақ, жақында жастар лудоманиясынмен күресу жобасын даярлап мемлекет тарапынан грант тапсырылды. Жоба жетекшісі – университет ректоры Ермек Бөрібаев. Қазір университет ғалымдарымен тізе қозып құмар ойынның себебі мен салдары, онымен күресудің тиімді әдістері тақырыбында ұжымдық монография дайындалып жатыр.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Абзал МАҚАШ**

**«Egemen Qazaqstan»**

# Білім - бостандықтың алтын есігін ашатын кілт

Университет - жас буынның оқу, жеке өсу және өзін-өзі тану орны, білімгерлердің өмірлерінде ең есте қаларлық және мағыналы сәттерін өткізетін жері болып табылады. Мен еліміздің ең таңдаулы жоғары оқу орындарының бірі – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің түлегімін, сондай-ақ осы жоғары оқу орнында білім беру саласында қызмет етемін. Жетісу университетінің құқық және экономика факультеті, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы ассистентімін.

2013 жылы мектеп бітірген соң алғаш рет, Жетісу университетінің табалдырығын аттағанмын және қазір артқа көз жүгіртіп қарасам өмірімдегі ең дұрыс шешімдердің бірі болғаны анық. Себебі университет менің өмірімді түбегейлі жақсы жаққа өзгертіп, жаңа белестер ашқаны анық.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті білім алуға, жан-жақты дамуға, қоғамда жас буынның өз орнын табуға бар мүмкіндіктерді жасай-



ды. Университеттің ең маған ұнайтын бір аспектісі-оның оқытушыларының сапасы.

Педагогикалық оқытушы құрам әрқашан өз студенттеріне көмектесуге және қолдауға тырысады. Сонымен қатар, университетте білімгерлерге қолдау көрсететін білімгерлер қауымдастығын атап өткім келеді. Студенттік ұйымдар мен клубтарда, академиялық және кәсіби топтарға дейін басқа жерде табу қиын болатындай тиесілілік пен серіктестік сезімі бар. Білімгерлер тек сапалы білім ғана алмай, сондай-ақ қоғамдық өмірге белсене қатысу үшін әр түрлі ісшаралар ұйымдастырылады.

Студенттік шағымда өте жақсы оқығаным үшін және оқытушылардың берген сапалы білімнің арқасында Президенттік стипендия иегері болғанмын. Бакалаврда алған білімімнің арқасында Жетісу университетіне магистратураға грантқа түстім. Университеттің халықаралық ынтымақтастығы жоғары деңгейде дамығандықтан, магистратураны жеке өзім екі дипломдық бағдарлама арқылы, Польша мемлекетінің Свечье қаласындағы Лингвистико-техникалық университетінде филология мамандығы бойынша және өз университетімде құқықтану мамандығы бойынша бітірдім. Яғни Жетісу университетінде оқимын, дамимын, өз орнымды қоғамда табамын деген білімгерлер үшін барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалып жатқандықтың бірден бір көрсеткіші деп есептеймін.

Қазіргі танда еңбек жолымды да, өзімнің жүрегіме ыстық осы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетімен байланыстырдым, себебі университетімнің маған берері әлі көп деп санаймын және жеке өзім университетіміздің дамуына қандай да бір үлесімді қосқым келеді. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті менің жүрегімде айрықша орынға ие.

Осы университеттің түлегі болғанымды және қазіргі танда аталған жоғары оқу орнында, білім беру жолында қызмет істеп жүргенімді мақтан етемін!

***Назым РАМАЗАНОВА,***

*Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-ассистенті*

# АНАР ФАЗЫЛЖАНОВА:

# Важно, чтобы бизнес перешёл на казахский язык



Мы встретились с кандидатом филологических наук и директором Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы Анар Фазылжановой в ее кабинете в здании института, который она возглавляет с 2020 года. Первое, что бросилось в глаза, — это большой монитор, на котором вскоре был продемонстрирован сайт qazcorpus.kz, электронный корпус казахского языка. Я, будучи человеком, активно создающим и поддерживающим контент на казахском языке, с удивлением обнаружила, что не знала о существовании qazcorpus.kz. Мы поговорили с Анар Фазылжановой о состоянии казахского языка и его роли в современном обществе.

***- Анар Муратовна, расскажите, как складывался Ваш жизненный путь, который привел Вас к руководству Институтом языкознания имени Ахмета Байтурсынулы.***

— Я родилась в поселке Жансугуров в Аксуском районе Алматинской области. Отец был историком, мать преподавала математику. Я росла в окружении книг и разговоров о науке, и это, конечно, оставило свой след. В детстве мы переезжали из-за работы отца, но именно в Жансугурове я окончила школу с золотой медалью.

Математика была моей первой любовью, и я даже собиралась пойти по стопам матери. Но отец, который посвятил свою жизнь истории и безумно ее любил, удивился моему выбору. Прекрасно помню, как он прямо спросил: «Неужели ты не хочешь стать историком, как я». Но в Талдыкоргане не было специальности «историк», и я собиралась ехать в Алматы. Отец, имея горький опыт голодного студенчества в Алматы, не хотел, чтобы я повторила его путь. Так я выбрала специальность «русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения, дополнительно история» в Жетысуском государственном университете им. И. Жансугурова. Это был компромисс между моим желанием и уважением к мнению отца.

Отец всегда направлял меня в вопросах образования. После окончания университета он предложил мне поступить в аспирантуру. Спросил, куда бы я хотела поступить. Моя мечта всегда была учиться в Алматы, в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби, и я решила, что на этот раз осуществлю свою мечту, чего бы это мне ни стоило. К счастью, отец в этот раз не возражал, и мы вместе поехали в Алматы подавать документы в университет. Но и в этот раз у судьбы на меня были свои планы. Там мы случайно встретили Орала Кожахметова, профессора университета, преподавателя немецкого языка и нашего земляка, который когда-то был учителем моего отца. Узнав о наших планах, он предложил пойти в Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, в единственный центр, готовящий лучшие, на его взгляд, научные кадры для казахского языка. С тех пор я работаю здесь, и институт стал для меня не просто местом работы, но и вторым домом. А в 2020 году мне выпала честь возглавить его.

***- Институт имени Ахмета Байтурсынулы — значимый научный центр. Чем Вы особенно гордитесь в его работе?***

— Наш институт носит имя Ахмета Байтурсынулы с 1990 года, с первых лет независимости Казахстана. Когда я пришла на должность руководителя, по решению наших ученых был создан отдел ахметоведения, чтобы глубже изучить его наследие. Это дало нам возможность сосредоточить все исследования, связанные с Байтурсынулы, в одном месте. Не все знают, что Ахмет Байтурсынулы стоял у истоков развития современной академической науки в Казахстане. В 1926 году, работая в нынешнем Университете имени Абая, он создал Академцентр и поручил алашским деятелям написать казахские учебники по разным направлениям науки. Таким образом, Алихан Бокейханов написал учебник по астрономии, Алимхан Ермеков — учебник по математике, Магжан Жумабаев — учебник по педагогике, Жусупбек Аймаутов — учебник по психологии, а сам Ахмет Байтурсынов — учебник по языкознанию. В 1992 году благодаря академику Рабиге Сыздыковой, крупному ученому института, работы Ахмета Байтурсынулы под ее редакцией (составители ныне профессора Гарифолла Анес, Аманкос Мектеп) впервые были изданы на кириллице в сборнике «Тіл тағылымы». Рабига Сыздыкова в 1990 году опубликовала краткую биографию Ахмета Байтурсынулы, введя ее в научный оборот. Есть отдельный сайт Института ahmettanu.kz, посвященный ахметоведению.

Наш институт занимается широким спектром вопросов, связанных с казахским языком: его структурой, историей, диалектологией, ономастикой и терминологией. Мы также открыли отделы социолингвистики и психолингвистики — два новых направления, которые помогают понять язык с разных сторон. Если говорить простыми словами: если наука о казахском языке перестанет развиваться, ответственность за это будет лежать на нашем учреждении.

***- Несмотря на успехи, есть мнения, что казахский язык развивается недостаточно. Как Вы относитесь к таким утверждениям?***

— В первую очередь важно понимать, что аудитория науки специфична. Если в обществе много людей, занимающихся наукой, то это общество будет дальше от деструктивного мышления. Наука не всегда приносит громкие открытия, но даже среднеуровневая работа важна. К сожалению, у нас сейчас больше таких исследований. В Казахстане защищается много диссертаций по филологии, но нужно интенсивировать в этот процесс, чтобы научные открытия имели более значительное влияние. Критики часто говорят, что казахский язык слаб в обществе и результаты нашей работы незаметны. Но это не так. Теоретические исследования лингвистов через практические средства — учебники, справочники, словари, учебные материалы, тексты, предназначенные для широкой аудитории, — отражаются во всех сферах жизни. Научные исследования лингвиста полезны для всех — от детей, которые только начинают говорить, до пожилых людей, читающих газеты. Мы потребляем результаты этих исследований ежедневно, не задумываясь о том, что за каждым правильно написанным, произнесенным словом стоит огромная работа.

Второй аспект касается личной воли. Сегодня для тех, кто хочет выучить казахский язык, есть все необходимые условия. Однако многие родители отправляют своих детей в русские школы, думая, что там лучшее образование. Это стереотипы, которые могут сыграть злую шутку в будущем. Язык — это не просто средство общения, это наследие предков, культура и мощный код идентификации человека. Учебных материалов для изучения казахского языка достаточно, но их нужно использовать. Мы знаем, что материалы для изучения английского языка лучше по качеству. Но качество учебников зависит от пользователей. Если никто не использует эти материалы, как они могут улучшаться? Пользователи должны активно использовать их, давать обратную связь, чтобы улучшить их качество. Глобализация тоже играет свою роль. Язык нации, который силен в информационном пространстве и экономике, выходит за пределы своей страны и времени тоже, и завоевывает другие культурные и временные пространства. Наша задача — создавать качественный контент на казахском языке.

***- Насколько важна роль языка в бизнесе и повседневной жизни? Что может способствовать его развитию?***

— Язык — это не только средство общения, но и основа экономики. Важно, чтобы бизнес перешел на казахский язык, так как это поднимет престиж языка и сделает его более востребованным. Мы видим, что компании, которые ведут дела на казахском языке, добиваются успеха. Лингвоэкономика — это новое направление, которое изучает связь между языком и экономикой. Одна из моих докторантов, Акмарал Пиязбаева, пишет диссертацию на эту тему. Мы считаем, что язык может быть мощным инструментом для развития экономики, и именно это мы пытаемся доказать в наших исследованиях.

***- Недавно появилась новость, что с сентября 2024 года в Оксфорде начнут преподавать казахский язык. Я знаю, что за этим стоит большая работа Института языкознания. Расскажите об этом важном событии более подробно.***

— Для нас это тоже большое достижение, что наш язык будет преподаваться в таком престижном учебном заведении. Всё началось с пожелания Мираса Дауленова, ныне ректора Coventry University Kazakhstan, связать нас с Оксфордом. Он познакомился с Лейлой Наджефзаде — представителем центра Низами Ганджами в колледже Вулфсона, в котором готовят специалистов по востоковедению. Госпожа Лейла вместе с несколькими специалистами Оксфорда по тюркским языкам и культурам создали инициативную группу «Birsöz». Они впоследствии нас посетили и решили включить казахский язык в свой учебный план. Теперь наравне с азербайджанским, турецким, узбекским и уйгурским языками в Оксфорде будет преподаваться и казахский язык.

А недавно в рамках официального визита министра иностранных дел Великобритании Дэвида Кэмерона в Астану был подписан четырехсторонний меморандум об изучении казахского языка в Оксфорде между Институтом языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Центром интернациональных программ «Болашак», Национальным научно-практическим центром «Тіл-Қазына» и Оксфордским университетом. Программа охватывает сотрудничество с разными колледжами и факультетами через инициативу Oxford Birsöz initiative CIC. Наши специалисты уже отправились в университет по программе «Болашак», где будут проходить стажировку и параллельно преподавать казахский язык.

***- Какие условия, по Вашему мнению, важны, чтобы прийти к успеху?***

— Успех любого человека начинается с учителя, который в него верит, и окружения, которое поддерживает. Особую роль в моем становлении как исследователя сыграла мой научный руководитель, академик Зейнеп Базарбаева. Она всегда задавала вопросы, которые заставляли меня задуматься о том, почему я занимаюсь наукой. Помню, как на нашей первой встрече она спросила: «Зачем тебе нужна наука?» Тогда я, немного смутившись, ответила, что хочу внести вклад в развитие науки и страны. Зейнеп апай улыбнулась и сказала: «Наука нужна для тебя самой». Сейчас я понимаю, что она имела в виду: наука — это способ понять не только саму себя, но и мир вокруг.

**Әйнел ӘМІРХАН**

**FORBES.KZ**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

**Бас редактор:** Б. Шаянбаева
**Редактор:** А.Иебекова
**Дизайнер:** Б.Таубалды

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
**Байланыс телефоны:** 12-00

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №1263**
**Таралым 2000 дана**